№ 4360-17-00-2/3039 Көшірме

Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

2018 жылғы 23 қаңтар Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья З.Жарылқасынова, сот отырысының хатшысы Г.Сабитова болып, прокурор А.Абдуманов, талап қоюшы өкілі Қ.Накиповтың (2018 жылғы 10 қаңтардағы №12 сенімхат бойынша), жауапкер «Нур-Талап и К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі - ЖШС) директоры Қ.Керейтбаевтың қатысуылармен, ашық сот отырысында талап қоюшы «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - ММ) жауапкер «Нур-Талап и К» ЖШС-н мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру және шарттық міндеттемелерін орындауды міндеттеу туралы азаматтық ісін қарап,

А Н Ы Қ Т А Ғ А Н Ы:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ-і сотқа талап қою арызымен жүгініп, онда жауапкер «Нур-Талап и К» ЖШС-н мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды, 1 979 745 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді және шарттық міндеттемелерін орындауды міндеттеуді сұраған.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі Қ.Накипов талап қою арызын нақтылап, талап қоюшы «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ-і мен жауапкер «Нур-Талап и К» ЖШС-нің арасында «Қызылорда қаласындағы Талсуат кентінің оңалту орталығының қазандығын газ отынына ауыстыру» үшін 2017 жылғы 14 тамызында №81 жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарты құны 68 267 075 теңгеге жасалғанын, алайда жауапкер «Нур-Талап и К» ЖШС-і жұмыстарды кешіктіріп орындағанын көрсете отырып, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және тұрақсыздық айыбын 1 979 745 теңгеден 2 867 217 теңгеге көбейтіп өндіруді сұрады.

Сот отырысында «Нур-Талап и К» ЖШС-нің директоры Қ.Керетбаев талап қою арызымен келіспей, шарт бойынша міндеттемелер толық

Құжатқа қол қойылған: Жарылқасынова З. Т., 30.01.2018
Заңды күшіне енген күні: 02.03.2018, судья Бекмамбетов Г. Б., 03.03.2018
4360-17-3-1/3042

орындалғанын, серіктестіктің шартта көзделмеген жұмыстарды атқарғанын, бүгінгі күні талап қоюшының тарапынан орындалған жұмыстың сапасына ескертпелері жоқ екенін, сонымен қатар газ қазандығының неміс фирмасынан алынғандығы жұмыстың кешіктіріліп орындалуына себеп болғанын көрсетіп, талап қою арызын қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Сот отырысында маман ретінде тартылған техникалық қадағалаушы А.Сералиев өз жауабында, шарт бойынша жылу қазандығынан ГРПЩ-ға дейін газ тарту жұмысы қосылмай қалғанын, бұл жұмыстар «Нур-Талап и К» ЖШС-мен жасалғанын көрсетті.

Сот тараптардың түсініктерін және прокурордың талап қою арызын ішінара қанағаттандыру туралы қорытындысын тыңдап, іс құжаттарын зерттеп, талап қою арызы төмендегі негіздерге байланысты ішінара қанағаттандырылуға жатады деп есептейді.

«Азаматтық және саяси құқықтар туралы» халықаралық пактінің (Нью-Йорк, 1966 ж. 16 желтоқсан) 14-бабының 1-тармағына сәйкес сот пен трибунал алдында жұрттың бәрі тең. Әрбір адам өзіне тағылған кез келген қылмыстық айыптауды қарау кезінде немесе қайсыбір азаматтық процесте оның құқықтары мен міндеттерін анықтау кезінде заң негізінде құрылған құзыретті, тәуелсіз және әділ сот арқылы ісі әділетті және ашық қаралуын талап етуге құқылы.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 13-бабының 2-тармағына сай, әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар.

Сотта анықталғандай, талап қоюшы «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ-і мен жауапкер «Нур-Талап и К» ЖШС-нің арасында Қызылорда қаласындағы Талсуат кентінің оңалту орталығының қазандығын газ отынына ауыстыру жұмысын орындау үшін 2017 жылғы 14 тамызында №81 жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарты құны 68 267 075 теңгеге жасалған.

Жауапкер «Нур-Талап и К» ЖШС-і шарт бойынша Қызылорда қаласындағы Талсуат кентінің оңалту орталығының қазандығын газ отынына ауыстыру жұмысын шарт қазынашылық органында тіркелген күннен бастап 2 ай мерзімде орындауға міндеттенген.

Шарттың 9.1.тармағына сәйкес шарт тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін күннен бастап күшіне енеді және 2017-12-31 жылға дейін қолданылады.

Шарт қазынашылық органында 2017 жылғы 18 тамызында тіркелген, яғни шарт сол күні күшіне енген. Яғни, жауапкер шарттық міндеттемесін 2017 жылғы 18 қазанында орындауға тиіс болған.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі –АК) 386-бабының 1-бөлігіне сәйкес шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болса, осы Кодекстің 272-273 баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше

Құжатқа қол қойылған: Жарылқасынова З. Т., 30.01.2018
Заңды күшіне енген күні: 02.03.2018, судья Бекмамбетов Г. Б., 03.03.2018
4360-17-3-1/3042

орындалуға тиіс, ал заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

Жауапкер «Нур-Талап и К» ЖШС-і өз кезегінде кәсіпкерлік тәуекелге барып, қосымша жұмыс ретінде 62 метр трубасын газ қазандығынан тарту жұмыстарын жасаған.

Шарт бойынша жұмыстар 2017 жылғы 30 қарашасында қабылданған, ол жөнінде акт жасалған.

Алайда, жауапкер шартта көзделген жұмысты 42 күнге кешіктіріп орындаған.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 349-бабының 1-тармағына сай, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Дегенмен, шартта көзделген мерзімнен кешіктіріліп орындалған жұмысты талап қоюшы қабылдап алған, орындалған жұмыстың сапасына ескертпелері жоқ, мекемеге материалдық шығын келтірмеген. Сотта бұл фактіні талап қоюшының өкілі де теріске шығарған жоқ.

Сонымен қатар, «Нур-Талап и К» ЖШС-і қазіргі дағдарыс кезеңінде тұрақты түрде жұмысшыларды жұмыспен қамтамасыз етіп отырғандығы анықталды.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2012 жылғы 14 желтоқсандағы № 5 Нормативтік қаулысының 5-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасалған шарттар бойынша өздерінің міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талаптарды қарау кезінде соттар әділдік пен парасаттылық өлшемдерін АІЖК-нің 6-бабының 6-бөлігіне сай негізге ала отырып, АК-нің 359-бабына сәйкес, өнім берушінің кінәсін азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негіздемесі және тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдар ретінде назарға алулары қажет. Шарт тарабына шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалатын шығын келтіруді жағымсыз салдар ретінде түсіну керек (АК-нің 401-бабының 2-бөлігі).

АПК-нің 6-бабының 5-тармағына сәйкес, егер заңда немесе дауласушы тараптардың келісімінде тиісті мәселелерді соттың шешуі көзделсе, сот бұл мәселелерді әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып шешуге міндетті.

Сонымен қатар, талап қоюшы шарт бойынша кешіктіріліп орындалған жұмысы үшін жауапкерден 2 867 217 тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Құжатқа қол қойылған: Жарылқасынова З. Т., 30.01.2018

Заңды күшіне енген күні: 02.03.2018, судья Бекмамбетов Г. Б., 03.03.2018

Сот шарт бойынша жауапкерден өндірілуге тиіс 2 867 217 теңге тұрақсыздық айыбының сомасы талап қоюшымен дұрыс есептелген деп есептейді.

АК-нің 349-бабының 1-тармағына сәйкес міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Осы кодекстің 293-бабының талабы бойынша борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Жауапкер «Нур-Талап и К» ЖШС-і 2 867 217 теңге тұрақсыздық айыбының мөлшері тым көп болғандықтан төмендетуді сұрады.

АК-нің 297-бабына сәйкес егер төленуге тиісті тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) кредитордың шеккен залалдарымен салыстырғанда тым көп болса, сот борышкердің талабы бойынша борышкердің міндеттемені орындау дәрежесін және борышкер мен кредитордың назар аударуға лайықты мүдделерін ескере отырып, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) азайтуға құқылы.

Осы заң талабын негізге ала отыра, сот талап қоюшының есебі бойынша төленуге тиісті тұрақсыздық айыбының мөлшері тым көп болғандықтан және жауапкердің қаржылық жағдайын ескеріп, тұрақсыздық айыбы 2 867 217 теңгені 600 000 теңгеге дейін төмендеткен дұрыс деп есептейді.

Жоғарыда анықталған жағдайда, талап қою арызы ішінара қанағаттандырылып, жауапкер «Нур-Талап и К» ЖШС-н мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану бөлігінде қанағаттандырудан бас тартылуға, ал тұрақсыздық айыбының мөлшері тым көп болғандықтан тұрақсыздық айыбы 600 000 теңге өндірілуге жатады деп есептейді.

АПК-нің 117-бабына сәйкес талап қоюшы мемлекеттік баждан босатылғандықтан, баж алымы 18 000 теңге жауапкерден мемлекет кірісіне өндірілуі тиіс.

Жоғарыдағылардың негізінде, АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

Ш Е Ш І М Е Т Т І :

Талап қоюшы «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Нур-Талап и К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Құжатқа қол қойылған: Жарылқасынова З. Т., 30.01.2018
Заңды күшіне енген күні: 02.03.2018, судья Бекмамбетов Г. Б., 03.03.2018
4360-17-3-1/3042

Жауапкер «Нур-Талап и К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен (БСН 060540008995) мемлекет кірісіне тұрақсыздық айыбы 600 000 (алты жүз мың) теңге өндірілсін.

Жауапкер «Нур-Талап и К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен (БСН 060540008995) мемлекет кірісіне сот шығыны мемлекеттік баж 18 000 (он сегіз мың) теңге өндірілсін.

Талап қою арызының қалған бөлігінде талап қою арызы қанағаттандырылудан бас тартылсын.

Шешімге наразы жақ шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотына, ҚР АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья З.Жарылқасынова

Көшірмесі дұрыс:

Судья З.Жарылқасынова

Шешім заңды күшіне енген жоқ 23.01.2018 жыл.

Судья З.Жарылқасынова

Шешім заңды күшіне енді «__»_____ 2018 жыл.

Судья З.Жарылқасынова

Құжатқа қол қойылған: Жарылқасынова З. Т., , 30.01.2018

Заңды күшіне енген күні: 02.03.2018, судья Бекмамбетов Г. Б., , 03.03.2018

4360-17-3-1/3042